



Казахстанское Агентство  
Прикладной Экологии

Бекітілген күні  
(05 редакциясы)  
13.11.2017 ж.

## «ҚАЗАҚСТАН ҚОЛДАНБАЛЫ ЭКОЛОГИЯ АГЕНТТІГІ» ЖШС-НІҢ ҰСЫНЫЛАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, КӘСІБИ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ, ТЕҢІЗ КЕМЕЛЕРІНДЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

### **Компанияның Мақсаты:**

- Экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау бағытында қоршаған табиғи ортаға, адамдар денсаулығына және мүліктерге залаын тигізбей, жоғары сапалы жобалық, инжинирингтік, консалтингтік қызметтер мен аналитикалық жұмыстарды ұсыну.
- Кемелерді пайдалану барысында және адамдар үшін қауіпсіз еңбек жағдайының қауіпсіз тәжірибесін қамтамасыз ету.
- Қызығушылық танытқан тараптардың қызығушылықтарын ескере отырып, тиісті әрекеттерді қабылдау бойынша тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау.
- Компанияның кемелері, персоналдары және қоршаған орта үшін барлық анықталған тәуекелдерді бағалау, тиісті қорғаныстарды анықтау.
- Қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздікке қатысты апаттық жағдайларға дайындығын қоса алғандағы, қауіпсіздікті басқару жүйесіне қатысты жағалау және кеме персоналдарының машықтануларын ұдайы жақсарту.

### **Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Компания төмендегідей міндеттерді шешеді:**

- Қазақстан Республикасының заңнамаларында қолданылатын талаптарды сақтау;
- Компания қызмет жасайтын елдің заңнамалық талаптарын сақтау;
- жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, апаттық жағдайларға жол бермеу;
- қызметкерлердің денсаулығына нұқсан келтіруге жол бермеу;
- компанияның өндірістік қызметінде қоршаған ортағны ластауға, қоршаған ортаға кері әсерін тигізуге бәсеңдету;
- Кемелерді қауіпсіз пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға қатысты міндетті нормалар мен ережелерге сәйкестікті қамтамасыз ету.

Біз «ҚҚЭА» ЖШС-ның барлық бөлімшелерінің қызметкерлеріне (кеңселері, филиалдары, зертханалары мен теңіз кемелері), сонымен қатар қосалқы мердігерлер мен әріптестерге таратылатын төмендегідей міндеттемелерді орындаймыз:

- өндірістік қызмет жағдайы мен қоршаған орта құрамдастарының ахуалына шынайы бағалауды жүргізу;
- мемлекеттік органдар мен тапсырыс берушілерге өнеркәсіптік нысандардың тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсері жөніндегі шынайы ақпараттарды ұсыну;
- өндірістік және экологиялық мәселелерді шешу барысында клиенттерге ең қауіпсіз технологиялық және экологиялық нұсқаларды ұсыну;
- қоршаған ортаның элементтерін зерттеу барысында табиғатқа залалын тигізбейтін жаңа-жасыл технологияларды енгізуге күш салу және дайындау;
- атқарылатын жұмыстарда заманауи халықаралық талаптар мен қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау жөніндегі процедуралардың үрдістерін енгізу және қолдану;
- МБЖ-нің барлық үрдістерін оңтайландыру, жыл сайын менеджменттің біріктірілген жүйесінің сертификатын және зертханалардың ҚР СТ ИСО/МЭК 17025, Парниктік газдарды тексеру және түгендеу жөніндегі органның ҚР СТ ИСО14065 талаптарына сәйкестігін растау;
- компаниялардың өндірістік қызметінде қоршаған ортаға өндірістік қызметтердің кері әсерлерін бәсеңдету - экологиялық салдарды азайту;

- аналитикалық зерттеулердің сапалылығын, шынайылығын, дұрыстығын қамтамасыз ету;
- қауіпсіз жұмыс орындарын ұсыну жолымен жазатайым оқиғалардың/жағдайлардың алдын алу және Денсаулықты қорғау, Еңбек Қауіпсіздігі, Қоршаған Ортаны қорғауға қатысты барлық ақаулар мен қауіпсіз емес әрекеттер мен еңбек жағдайының есептілігіне арналған Бақылаулардың СТОП Бағдарламасына қатысу;
- кемелерде қауіпсіз жұмыс істеу және ластануды болдырмау, сонымен қатар «Теңіз Кеме қатынасындағы еңбек туралы» (ТКЕК, 2006 ж) Халықаралық Еңбек Ұйымы Конвенциясына арналған ҚБХК мен ККҚҚ ХТҰ Конвенциясына сәйкестігін және сертификациясын жыл сайын растау.

«ҚҚЭА» ЖШС осы Саясатты Қазақстан Республикасының, сонымен қатар жұмыс атқарып отырған елдің денсаулық пен қауіпсіздікті және табиғатты қорғау заңнамаларын міндетті орындау аясында, сонымен қатар, үздік тәжірибелерді іске асыру барысында, яғни:

- жаңа ғылыми әзірлемелер мен заманауи әдістерді, технологияларды қолдануды және болжамды ойлау тәуекелін енгізуді;
- тапсырыс берушілермен кері байланыс орнату және осы байланыс нәтижесіне талдау жүргізуді;
- өндірістің экологиялық көрсеткіштері мен «ҚҚЭА» ЖШС қызметкерлерінің денсаулығы мен қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту бойынша жағдай жасауды;
- компанияның ресурстарын пайдалану тиімділіктерін арттыруды;
- барлық қызметкерлерді кеңсенің ішінде және далалық, теңіздегі зерттеу жұмыстары кезінде табиғатты қорғау жұмыстарына қатыстыруды;
- ҚҚЭА» ЖШС, зертханалар, теңіз кемелері мен қосалқы мердігер мекемелердің қызметкерлеріне қауіпсіздік пен денсаулық және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі хабардарлықтары мен жауапкершіліктерін арттыруды жүзеге асырады.

Компанияның әр бір қызметкері персоналдарға, мүліктер мен қоршаған орта үшін қауіптілікті болдырмау мақсатында Денсаулықты Қорғау, Еңбек Қауіпсіздігі, Қоршаған Ортаны қорғау бағытындағы кодекстер мен заңнамалар, сонымен қатар енгізілген стандарттар талаптарын сақтау үшін жауап береді.

«ҚҚЭА» ЖШС тәжірибе жүзінде осы Саясаттың міндеттемелері мен қағидаларын дамыта отырып, табысты орындай біледі. «ҚҚЭА» ЖШС республикалық деңгейдегі табиғатты қорғау бағдарламалары мен жобаларын дайындау мен оларды жүзеге асырудың бастаушысы болып келеді, сол себепті де Қазақстан Республикасы мен өзге де көршілес елдердің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында мемлекеттік, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасуға әрқашанда дайын.

**Бас директор**

**Скольский В.А.**